

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33716 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабының 12, 13, 14, 16-тармақтарына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Қатты пайдалы қазбалар жөніндегі жер қойнауын пайдалану департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

К. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2023 жылғы 30 қарашадағы

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 12, 13, 14, 16-тармақтарына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға (бұдан әрі – көрсетілетін мемлекеттік қызмет) қосымша Келісім жасасу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды. Осы Қағидалар Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар.

3. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен немесе өзгерткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

2-тарау. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қатты пайдалы қазбалар бойынша "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) баяндалған.

6. Көрсетілетін қызметті алушы "Minerals.gov.kz" жер қойнауын пайдаланушылардың бырыңғай платформасы (бұдан әрі – "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП) арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (сараптама комиссиясының қарауына) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтінішті (онда келісімшартқа ұсынылатын өзгерістер, олардың негіздемесі және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер баяндалған) және Тізбенің 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды береді.

Өтініштер мен құжаттарды қабылдау жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Өтініштер мен құжаттарды қабылдауды растау қоса берілген құжаттары бар өтінішті қабылдаған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) жібереді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына шығарады.

1-параграф. Сараптама комиссиясының қарауы

9. Сараптама комиссиясы келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың өтініштерін қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында не келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың өтініштерін қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

10. Сараптама комиссиясы өтінішті қарайды және өз ұсынымдарын құжаттарды қарауға енгізген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

11. Сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде көрсетілетін қызметті беруші сараптама комиссиясының ұсынымдары келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту туралы немесе сараптама комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздерді бастау туралы шешім шығарады.

12. Тізбенің 9-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша өтініш берушіге ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдер қабылдайды:

1) сараптама комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздердің басталғаны туралы хабарлайды;

2) Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

2-параграф. Жұмыс тобының қарауы

13. Көрсетілетін қызметті алушы "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (жұмыс тобының қарауына) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтінішті (онда келісімшартқа ұсынылатын өзгерістер, олардың негіздемесі және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер баяндалған) және Тізбенің 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

14. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздерді көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын көрсетілетін қызметті беруші бекітеді.

15. Келіссөздер жер қойнауын пайдаланушы көрсетілетін қызметті берушіге толықтыру жобасын және өзге де қажетті құжаттарды жұмыс тобының қарауына ұсынған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде жүргізіледі. Тараптардың келісімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

16. Келіссөздердің нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

Жұмыс тобының хаттамасын жұмыс тобының барлық қатысушылары келіссөздер процесі аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ресімдейді және қол қояды.

17. Тізбенің 9-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша өтініш берушіге ұстаным білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда дәлелді бас тартуды береді.

18. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қозғайтын болса, жұмыс тобының шешімі негізінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген жобаны экономикалық сараптамаға қол қойылғанға дейін жібереді.

Мұндай жағдайда көрсетілетін қызметті алушы жұмыс комиссиясының талаптарын ескере отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар жобасын көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

Экономикалық сараптама жүргізу тәртібі "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасына экономикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 17

мамырдағы № 530 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17057 болып тіркелген) айқындалған.

19. Жұмыс тобы мақұлдаған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар жобасын және осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасын алған көрсетілетін қызметті алушы " Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы береді не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасуға (қол қоюға) өтінішті және Тізбенің 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде Қосымша келісімнің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне ұсынады.

20. Көрсетілетін қызметті беруші 20-тармақта көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыруға қол қояды, тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

22. Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 1-қосымша

Қатты пайдалы қазбалар бойынша "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі/"Minerals.gov.kz" ЖҚПБП
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) Өтініштің толықтығын қарау және сараптама комиссиясына енгізу – 5 жұмыс күні. 2) Сараптама комиссиясын қарау – 20 жұмыс күні. 3) Көрсетілетін қызметті берушінің сараптама комиссиясының ұсынымы негізінде шешім қабылдауы – 5 жұмыс күні. 4) Жұмыс тобының қарауы – 2 ай. Тараптардың келісімі бойынша мерзім ұзартылуы мүмкін. 5) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісімге қол қою – 25 жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

1) "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, мереке және демалыс күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.);

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикадағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

1) Жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу мәселелері:

Көрсетілетін қызметті алушы туралы ақпаратты өзгерту кезінде: көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар;

көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуді көздейтін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаның жобасы;

көрсетілетін қызметті алушының салыстырып тексеруге өтінішке қол қою құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Жер қойнауын пайдалану құқығын және жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті беру кезінде:

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа

мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толықтыру жобасы; салыстыру үшін оның негізінде жер қойнауын пайдалану құқығы алынған құжаттың көшірмесі; салыстыру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесі; сатып алушының Кодекс талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар; егер жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) кепілмен ауыртпалық салынса (ауыртпалық салынса) кепіл ұстаушының жазбаша келісімі; жер қойнауын пайдалану құқығының барлық ортақ иеленушілерінің жазбаша келісімі. Барлау мерзімін ұзарту кезінде: жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның бағалауды талап ететін минералданудың (көріністің) табылуы туралы қорытындысы; табылған минералдануды (көріністерін) бағалау болжанатын жер қойнауы учаскесінің географиялық координаттары; жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын; "Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 262 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16874 болып тіркелді) (бұдан әрі – Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрық) сәйкес тиісті нысан бойынша жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс

бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;
ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеме;
ұзарту кезеңіндегі жұмыстар мен шығындардың жазбаша негіздемесі.

Өндіру мерзімін ұзарту кезінде: жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толықтыру жобасы; Пайдалы қазбалардың қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сараптамалық қорытындысы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрығына сәйкес жасалған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;

ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеме;
жұмысты жүргізудің жазбаша негіздемесі және ұзарту кезеңінде оларға жұмсалған шығындар.

Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын өзгерту кезінде:

ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

жер қойнауы учаскелерінің шекаралары ұлғайған жағдайда: тиісті Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба.

Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде:

ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба.

Осы Қағидаларда көзделмеген жағдайларда:

осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтініш (онда келісімшартқа ұсынылатын түзетулер, олардың негіздемесі және өтінім бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі);

ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеме; толықтырулар енгізуді көздейтін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаның жобасы.

2) Жұмыс тобының қарауы үшін: Жер қойнауын пайдалану құқығы ауысқан кезде:

көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы; салыстыру үшін жер қойнауын пайдалану құқығы алынған құжаттың көшірмесі;

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесі :

өтініштерді қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің ж а н ы н д а ғ ы

консультативтік-кеңесші орган болып табылатын жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптау комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімі;

Барлау мерзімін ұзарту кезінде: көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның бағалауды талап ететін минералданудың (көріністің) табылуы туралы қорытындысы;

табылған минералдануды (көріністерін) бағалау болжанатын жер қойнауы учаскесінің географиялық координаттары;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;

геологиялық барлау жоспарының мемлекеттік экологиялық сараптамасының қорытындысы;

мемлекеттік органдар бекіткен және келісетін барлау жоспары;

жұмысты жасаудың жазбаша негіздемесі және ұзарту кезеңінде оларға жұмсалған шығындар;

Өндіру мерзімін ұзарту кезінде:

көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;

ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеме;

жұмысты жасаудың жазбаша негіздемесі және ұзарту кезеңінде оларға жұмсалған шығындар;

тау-кен жұмыстарының жоспары;

Пайдалы қазбалардың қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сараптамалық қорытындысы;

мемлекеттік органдар бекіткен және келісетін тарату жоспары (жобасы).

Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын өзгерту кезінде:

көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

геологиялық бөлу (қатты пайдалы қазбаларды барлауға (бұдан әрі – ҚПҚ) арналған келісімшарт бойынша ұсынылады) немесе тау-кен учаскесі (ҚПҚ өндіруге арналған келісімшарт бойынша ұсынылады);

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа

мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы; жер қойнауы учаскелерінің шекаралары ұлғайған жағдайда: Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;

мемлекеттік органдар бекіткен және келісетін тау-кен жұмыстарының жоспары (өндіруге арналған келісімшарт бойынша) немесе барлау жоспары (барлауға арналған келісімшарт бойынша);

мемлекеттік органдар бекіткен және келісетін тарату жоспары (жобасы).

Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде:

көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;

ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігінің жазбаша негіздемесін қарау үшін жұмыс тобының қарауына енгізу үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба.

мемлекеттік органдар бекіткен және келісілген жою жоспары (жобасы) (ҚПҚ өндіруге арналған келісімшарт бойынша ұсынылған)

; мемлекеттік органдар бекіткен және бекіткен тау-кен

		<p>жұмыстарының жоспары (ҚПК өндіруге арналған келісімшарт бойынша ұсынылған);</p> <p>мемлекеттік органдар бекіткен және келісетін барлау жоспары (ҚПК барлауға арналған келісімшарт бойынша ұсынылады)</p> <p>.</p> <p>Қағидаларда көзделмеген жағдайларда:</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші берген келіссөздерді бастау туралы хат;</p> <p>жұмыс тобының қарауына ұсыну үшін сараптау комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар</p> <p>3) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу (қол қою) үшін:</p> <p>мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы қосымша келісімнің жобасы Көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен расталған 3 (үш) данада. Жұмыс тобына ұсынылатын барлық құжаттар, сондай-ақ жұмыс тобының хаттамасымен ұсынуға сұралатын құжаттар (хаттамада көзделген жағдайда).</p>
9	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемелер</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына</p>

		сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы. 4) сараптама комиссиясының ұсынымдары.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	1. Мемлекеттік қызметті жазбаша көрсету мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, телефоны: 8 (7172) 983-410, 983-413 2. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 983-334, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу"
мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтініш (сараптама комиссиясының қарауына)

Осы өтінішпен _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету)

(ұсынылған өзгерістерді көрсету) сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

1) _____
2) _____ ...

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

"Жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшартты өзгерту
туралы қосымша келісім
жасасу"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішті одан әрі қараудан дәделді бас тарту

Нөмірі: Берілген күні: _____ (Өтініш берушінің атауы)

(орталық мемлекеттік орган)

Сіздің 20__ жылғы " __ " _____ № _____ өтінішіңізді қарастырып,

_____ (бас тарту себебі) хабарлайды.

(Қол қоюшының лауазымы)

(Қол қоюшының тегі, аты,

әкесінің аты (бар болған жағдайда))

"Жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшартты өзгерту
туралы қосымша келісім
жасасу"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтініш (жұмыс тобының қарауына)

Осы өтінішпен _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету)

(ұсынылған өзгерістерді көрсету) сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

1) _____

2) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 5-қосымша Нысан

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасуға (қол қоюға) өтініш

Осы өтінішпен _____ (келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім жасасуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

_____ ...
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК